

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы - Сыртқы істер министрінің 2002 жылғы 24 желтоқсандағы N 08-1/77 және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2002 жылғы 27 желтоқсандағы N 806 "Қазақстан Республикасының визаларын беру тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы" (N 2162 болып тіркелген) бірлескен бұйрығына толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2004 жылғы 25 мамырдағы N 08-1/123, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2004 жылғы 23 маусымдағы N 357 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 19 тамызда тіркелді. Тіркеу N 3022. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің м.а. 2009 жылғы 14 желтоқсандағы N 08-1-1-1/457 және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2009 жылғы 22 желтоқсандағы N 488 Бірлескен бұйрықтарымен.

Күші жойылды - ҚР Сыртқы істер министрінің м.а. 2009.12.14 N 08-1-1-1/457 және ҚР Ішкі істер министрінің 2009.12.22 N 488 (қолданысқа 2010.03.01 бастап енеді) бірлескен бұйрықтарымен.

" К е л і с і л д і "

| | |
|-----------------------|-------------------------|
| Қ а з а қ с т а н | Р е с п у б л и к а с ы |
| Ұ л т т ы қ | қ а у і п с і з д і к |
| к о м и т е т і н і ң | т ө р а ғ а с ы |

2004 жылғы 17 тамыз

Қазақстан Республикасының визаларын беру тәртібін ырықтандыру
ма қ с а т ы н да **б ұ й ы р а м ы з** :

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы - Сыртқы істер министрінің 2002 жылғы 24 желтоқсандағы N 08-1/77 және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2002 жылғы 27 желтоқсандағы N 806 бірлескен бұйрығына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2662 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2003 жылғы 3 желтоқсандағы N 08-1/187 және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2003 жылғы 18 желтоқсандағы N 724 бірлескен бұйрығына енгізілген толықтырулармен және өзгертумен бірге, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілерінің N 25-26 бюллетенінде жарияланған, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық

актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2162 болып тіркелген) мынадай толықтыру енгізілсін:

Қазақстан Республикасының визаларын беру тәртібі туралы аталған бірлескен бұйрықпен бекітілген Нұсқаулықтағы:

9-тармақтың 4) тармақшасындағы, 10-тармақтың 9) тармақшасындағы, 12-1-тармақтағы және 55-тармақтың үшінші абзацындағы "Жапония" деген сөзден кейін "Корея Республикасы" деген сөздер енгізілсін.

2. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуге алынған күннен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының
Сыртқы істер министрі
Қазақстан Республикасының*

Ішкі істер министрі